



## Азаматтық құқық. Азаматтық процесс / Civil law. Civil process / Гражданское право. Гражданский процесс

ХҒТАР 10.31.33

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2026-154-1-83-96>

Ғылыми мақала

### Азаматтық сот ісін жүргізуде уақыт ысырабынан келтірілген залалды өндіріп алу мәселелері

А.А. Асылбекова\*<sup>1</sup>, В.Б. Тапакова<sup>2</sup>, М.И. Жумагулов<sup>3</sup>

<sup>1</sup>ҚР Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі Академиясы, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup>Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті, Орал Қазақстан

<sup>3</sup>Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: <sup>1</sup>aig0071@mail.ru, <sup>2</sup>tapakova\_vilora83@mail.ru, <sup>3</sup>mizh61@mail.ru)

**Аңдатпа.** Бүгінгі таңда азаматтық сот ісін жүргізуде уақыт ысырабынан келтірілген залалды өндіріп алу, сот талқылауының негізсіз созылуы өзекті мәселелерінің бірі болып келеді. Автор азаматтық сот ісін жүргізуде іске қатысатын тұлғалардың өз заңды мүдделері мен құқықтарын сот арқылы қорғалу құқығының тиімділігі мен істерді қараудың ақылға қонымды мерзімде жүзеге асырылуы қағидаларына талдау жасайды.

Азаматтық сот ісін жүргізудің шамадан тыс созылуы (уақыт ысырабы) тұлғалардың материалдық және материалдық емес мүдделеріне тікелей ықпал етеді: мәмілелердің үзілуі, айналым қаражатының тоқтауы, инфляциялық шығын, қосымша сот шығыстары, іскерлік беделдің төмендеуі, психологиялық күйзеліс және құқықтық айқындықтың жоғалуы. Мақалада уақыт ысырабы салдарынан келтірілген залалды өндіріп алу мәселелері азаматтық-құқықтық жауапкершілік, азаматтық процестегі кепілдіктер және халықаралық «ақылға қонымды мерзім» стандарттары призмасы арқылы зерттеледі.

Қазақстандық құқықтық кеңістікте тікелей «процестің шамадан тыс ұзақтығы үшін арнайы өтемақы» институтының шектеулілігі жағдайында залалды өтеудің ықтимал модельдері ұсынылады: (1) құқыққа қайшы әрекет (әрекетсіздік) ретінде бағалау арқылы деликттік жауапкершілік; (2) моральдық зиянды өтеу тетіктерін нақтылау; (3) процестік мерзімдер мен сот менеджменті арқылы алдын алу. Зерттеу нәтижесінде құқық қолдануды біріздендіру және арнайы компенсаторлық құрал қалыптастыру жөнінде ұсынымдар беріледі.

**Түйін сөздер:** ақылға қонымды мерзім, азаматтық процесс, уақыт ысырабы, залал, моральдық зиян, тиімді құқықтық қорғау, сот менеджменті.

Түсті: 11.02.2026 Мақұлданды: 17.03.2026 Онлайн қолжетімді: 30.03.2026

## Кіріспе

Азаматтық сот ісін жүргізудің уақтылығы мен тиімділігі құқықтық мемлекеттің сапалық көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Сот талқылауының негізсіз созылуы тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерін толық іске асыруына кедергі келтіріп қана қоймай, сот төрелігінің әділдігіне деген қоғамдық сенімнің әлсіреуіне алып келеді. Осыған байланысты азаматтық процесте уақыттың шамадан тыс ысырап болуынан туындайтын құқықтық салдарларды зерделеу және мұндай жағдайларда залалды өтеу тетіктерін жетілдіру ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті мәселе ретінде көрініс табады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде сот ісін жүргізудің негізгі міндеттері ретінде істі жан-жақты, әділ әрі уақтылы қарау талаптары бекітілген. Аталған талаптардың сақталмауы процестің тараптары үшін нақты қолайсыздықтар мен материалдық немесе материалдық емес зиян келтіру қаупін туындатады. Осы себепті сот талқылауының созылуы жағдайында залалды өтеу туралы мәселе құқықтық талдауды қажет етеді [1].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде зиян келтірілген жағдайда оны өтеу міндеті жалпы құқықтық қағида ретінде белгіленген. Бұл норма азаматтық процесте уақыттың негізсіз созылуы салдарынан туындауы мүмкін залалды өндіріп алу үшін құқықтық негіз қалыптастырады. Дегенмен, аталған ережелердің іс жүзінде қолданылуы бірқатар қиындықтарға тап болатыны байқалады [2].

Қазіргі таңда Қазақстанда азаматтық сот ісін жүргізу барысында уақыт ысырабы салдарынан келтірілген залалды өтеу мәселесі жеткілікті деңгейде кешенді зерттелмеген. Мұның себептері ретінде арнайы құқықтық тетіктердің айқын болмауын, сондай-ақ тараптардың өз процестік құқықтары мен мүмкіндіктерін толық меңгермеуін атауға болады. Бұл жағдай құқық қолдану тәжірибесінде бірізділіктің болмауына әсер етеді.

Сотқа қолжетімділік ұғымы тек талап қою мүмкіндігімен шектелмейді. Ол, ең алдымен, бұзылған құқықты уақтылы және тиімді қалпына келтіру қабілетімен сипатталады. Азаматтық істің ұзақ уақыт бойы қаралуы азаматтық айналымдағы тұрақтылықты әлсіретіп, кәсіпкерлік қызметтің тәуекелдерін арттырады әрі құқықтық айқындық қағидатына кері әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, азаматтық процестегі уақыт факторы сот төрелігінің техникалық элементі емес, оның мазмұндық шарты ретінде қарастырылуы тиіс.

Процестің шамадан тыс ұзақтығын бағалау әрқашан біржақты сипатта болмайды. Кей жағдайларда істің созылуы іс материалдарының күрделілігімен, тараптардың процесуалдық мінез-құлқымен немесе дәлелдемелерді жинаудың объективті ерекшеліктерімен түсіндірілуі мүмкін. Алайда сот талқылауының созылуы соттың ұйымдастырушылық кемшіліктерімен, негізсіз кейінге қалдырулармен немесе процестік мерзімдерді тиімсіз басқарумен байланысты болса, уақыт ысырабы салдарынан келтірілген залал үшін жауапкершілік мәселесі туындайды.

Осы контексте негізгі сұрақтардың бірі – азаматтық сот ісін жүргізу барысында орын алған уақыт ысырабы салдарынан келген залалды кімнің және қандай құқықтық режимде өтеуі тиіс екендігі. Бұл мәселе азаматтық-құқықтық жауапкершілік институтымен қатар, процестік кепілдіктер жүйесінің тиімділігін бағалауды талап етеді.

Осыған байланысты азаматтық сот ісін жүргізуде уақыт ысырабы салдарынан келтірілген залалды өндіріп алу мәселелерін зерттеу, қолданыстағы заңнаманы жетілдіру, сот практикасын жүйелеу және тараптардың құқықтық мәдениетін арттыру қазіргі құқықтық ғылымның маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

### **Әдістер мен материалдар**

Осы зерттеу барысында құқықтық талдаудың бірнеше өзара байланысты әдістері қолданылды. Негізгі әдіс ретінде нормативтік-құқықтық талдау пайдаланылып, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, сондай-ақ азаматтық сот ісін жүргізу барысында моральдық зиянды өтеуге қатысты өзге де құқықтық нормалар зерделенді. Бұл актілер уақыт ысырабы жағдайында тараптардың құқықтарын қорғаудың заңнамалық негізін анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, зерттеуде салыстырмалы-құқықтық әдіс қолданылды. Атап айтқанда, еуропалық құқық жүйесінде қалыптасқан «ақылға қонымды мерзім» қағидаты мен сот ісін жүргізудің шамадан тыс ұзақтығы үшін өтемақы тағайындаудың стандарттары талданды. Бұл әдіс ұлттық құқықтық реттеуді халықаралық тәсілдермен салыстыра отырып бағалауға және оларды бейімдеу мүмкіндіктерін анықтауға бағытталды.

Зерттеу шеңберінде құқық қолдану логикасын модельдеу тәсілі де пайдаланылды. Аталған әдіс уақыт ысырабы салдарынан келтірілген залалдың құрамын дәлелдеудің ықтимал сценарийлерін айқындауға, залал, себепті байланыс және құқыққа қайшылық элементтерінің өзара байланысын талдауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге, сот практикасын талдау әдісі қолданылып, Қазақстан Республикасындағы азаматтық істер бойынша сот шешімдері мен процестік тәсілдер зерттелді.

Зерттеудің дереккөздік базасын Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде көзделген процестік мерзімдерге қатысты қағидалар, азаматтық процесте мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы ережелер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде бекітілген азаматтық құқықтарды қорғаудың жалпы тұжырымдамасы құрады. Бұдан бөлек, БҰҰ Адам құқықтары комитетінің әділ сот талқылауы мен «орынсыз кідіріс» мәселелері бойынша түсіндірмелері, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың өтемақы құралдарының тиімділігін бағалау жөніндегі құқықтық ұстанымдары пайдаланылды.

Азаматтық процесте уақыт ысырабы салдарынан келтірілген залалды өтеудің құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 183-бабында бекітілген азаматтық істерді қарау және шешу мерзімдеріне қатысты нормалармен айқындалады. Аталған бапқа сәйкес, азаматтық істер, әдетте, істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап екі ай ішінде қаралуы тиіс. Бұл мерзімдер сот ісін жүргізудің тиімділігін қамтамасыз етуге және тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған. Егер белгіленген мерзімдер сақталмаса және істі қарау негізсіз созылса, тараптар уақыт ысырабы салдарынан келтірілген залалды өтеу туралы талап қою мүмкіндігін иеленеді [1].

## Талқылау

Процестік мерзімдер азаматтық сот ісін жүргізуде тараптардың өз құқықтарын толық әрі тиімді жүзеге асыруына мүмкіндік беретін негізгі құқықтық кепілдіктердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде сот белгілейтін мерзімдердің ақылға қонымды әрі жеткілікті болуы қажеттігі арнайы бекітілген. Алайда «ақылға қонымдылық» ұғымы нақты сандық өлшемге ие емес, ол әрбір іс бойынша мән-жайлардың жиынтығына байланысты бағаланады. Бұл ретте істің күрделілік деңгейі, тараптардың процестік белсенділігі, соттың іс жүргізудегі ұйымдастырушылық рөлі және дәлелдемелерді жинау тәртібі шешуші маңызға ие.

Халықаралық құқықтық стандарттар да сот талқылауының орынсыз созылуы әділ сотқа қол жеткізу құқығын шектейтін фактор ретінде қарастырады. Атап айтқанда, БҰҰ Адам құқықтары комитеті сот ісін жүргізудің ұзақтығы тұлғаны ұзақ уақыт құқықтық белгісіздік жағдайында қалдырмауы тиіс екенін және процестің созылуы әділеттілік мақсаттарына қызмет етуі қажет екенін атап көрсетеді [3, 56 б.].

Уақыттың шамадан тыс ысырабы салдарынан туындауы мүмкін залал бірнеше топқа бөлінеді. Біріншіден, тікелей мүліктік шығындар, оған қосымша өкілдік шығыстар, іссапар шығындары, сараптама жүргізуге жұмсалған қаражат, құжаттарды рәсімдеу шығындары, сондай-ақ қосымша баждар мен алымдар жатады. Екіншіден, жоғалған пайда санатына келісімшарттардың орындалмауы, нарықтағы тиімді мүмкіндіктердің жіберіліп алынуы және төлем қабілетті контрагенттерді жоғалту сияқты залалдар кіреді. Үшіншіден, қаржылық құнсыздану тәуекелдері – инфляциялық процестер, ақша құнының төмендеуі және капиталдың айналымнан уақытша шығып қалуы. Төртіншіден, материалдық емес сипаттағы шығындар, яғни психологиялық күйзеліс, іскерлік беделге нұқсан келуі және өмір сапасының төмендеуі моральдық зиян ретінде көрініс табады.

Қазақстандық азаматтық құқық доктринасы өтемақы тағайындаудың негізгі шарттары ретінде залалдың болуы, құқыққа қайшы әрекет (әрекетсіздік), себепті байланыс және кінәні (жекелеген жағдайларда қатаң жауапкершілікті) айқындайды [4, 16 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, уақыт ысырабына байланысты талап қою барысында ең күрделі мәселе – дәл осы құқыққа қайшылық пен себепті байланысты негіздеу болып табылады.

Егер сот талқылауының созылуы тараптардың өздерінің процессуалдық адал емес мінез-құлқынан туындаса, мысалы, негізсіз өтініштер беру, істі созуға бағытталған тактикалар қолдану нәтижесінде орын алса, мемлекетке залал жүктеу мүмкіндігі айтарлықтай әлсірейді.

Ал керісінше, процестің ұзаққа созылуы соттың немесе мемлекеттік органның жүйелі ұйымдастырушылық әрекетсіздігімен, негізсіз кейінге қалдырулармен немесе процестік мерзімдерді сақтамаумен байланысты болған жағдайда, құқыққа қайшылық элементін дәлелдеу мүмкіндігі күшейе түседі.

Бұл контексте Қазақстанда азаматтық құқықтарды қорғаудың жалпы қағидасы ерекше мәнге ие. Яғни, бұзылған құқық жағдайында тұлға оны қорғаудың заңмен көзделген барлық тәсілдерін қолдана алады. Дегенмен, сот ісін жүргізудің ұзақтығы үшін арнайы өтемақы тетігінің әлсіздігі талап қоюшыларды көбіне жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілік механизмдеріне жүгінуге мәжбүрлейді [5].

Маңызды құқықтық алғышарттардың бірі – азаматтық процестің өзінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен немесе әрекетсіздігінен іс жүргізу барысында келтірілген моральдық зиянды өтеу мүмкіндігінің көзделуі. Егер уақыт ысырабы заңсыз әрекет немесе әрекетсіздік ретінде дәлелденсе, бұл норма моральдық зиянды өтеу туралы талап қою үшін белгілі бір құқықтық негіз қалыптастырады.

Алайда тәжірибеде негізгі мәселе заңсыз әрекеттің өлшемдерін анықтауға келіп тіреледі. Процестің ұзақтығы өздігінен заңсыздық болып санала ма, әлде нақты процес-суалдық тәртіп бұзушылықтарын көрсету қажет пе деген сұраққа сот практикасы бір-келкі жауап бермейді. Бұл жағдай талап қоюшылар үшін құқықтық тәуекел деңгейін арттырады.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот Scordino v. Italy (No.1) ісінде өтемақы құралдарының тиімділігін бағалау кезінде өтемақының жеткіліктілігі мен уақтылы төленуін негізгі өлшемдер ретінде айқындаған [6]. Қазақстан бұл соттың юрисдикциясына тікелей кірмесе де, аталған өлшемдер ұлттық құқықтық жүйе үшін үлгілік стандарт ретінде маңызын жоғалтпайды.

Сонымен қатар, Еуропа Кеңесінің сот жүйелерін бағалау жөніндегі материалдарында Қазақстандағы сот процестерінің ұзақтығын өлшеу және статистикалық деректерді жинау әдістемесіне қатысты аспектілер қамтылған. Бұл деректер уақыт факторының институционалдық деңгейдегі өзектілігін жанама түрде растайды [6].

Уақыт ысырабы салдарынан залалды өндіру туралы талаптарды қанағаттандыру жолындағы басты кедергілердің бірі – дәлелдеу ауыртпалығының күрделілігі. Азаматтық құқықтағы жалпы қағидаға сәйкес, талап қоюшы залалдың бар екенін, оның мөлшерін, құқыққа қайшы әрекетті және сол әрекет пен залал арасындағы себепті байланысты дәлелдеуге міндетті. Алайда уақыт ысырабы жағдайында бұл элементтердің әрқайсысы айрықша процестік сипатқа ие болады.

Біріншіден, залал көбіне тікелей емес, жанама түрде көрініс табады. Мысалы, істің ұзақ қаралуы салдарынан кәсіпкер жоспарланған келісімді жүзеге асыра алмауы, нарықтық конъюнктураның өзгеруі немесе төлем қабілеттіліктің төмендеуі мүмкін. Мұндай залалдарды нақты есептеу мен дәлелдеу талап қоюшы үшін айтарлықтай қиындық тудырады, себебі олар көбіне ықтимал, яғни жоғалған пайда сипатында болады.

Екіншіден, құқыққа қайшылықты дәлелдеу ерекше маңызға ие. Қалыптасқан сот тәжірибесінде істі ұзақ қарау фактісі автоматты түрде заңсыз әрекет ретінде танылмайды. Соттар көбіне процестің созылуын істің күрделілігімен, тараптардың өтініштерімен немесе дәлелдемелер көлемімен ақтауға бейім. Сондықтан талап қоюшы тек мерзімнің ұзақтығын ғана емес, негізсіз кейінге қалдыруларды, процестік енжарлықты және істі ұйымдастырудағы кемшіліктерді нақты көрсетуі қажет.

Үшіншіден, себепті байланысты дәлелдеу ең күрделі кезең болып табылады. Талап қоюшы уақыт ысырабы болмаған жағдайда нақты залал туындамас еді деген тұжырымды экономикалық есептермен, сараптамалық қорытындылармен және іскерлік айналымдағы қалыпты тәжірибеге сүйене отырып негіздеуі тиіс [7].

Салыстырмалы-құқықтық талдау кейбір мемлекеттерде сот ісін жүргізудің шамадан тыс ұзақтығы үшін арнайы өтемақы тетіктері бар екенін көрсетеді. Мұндай механизмдердің басты мақсаты – сот арқылы қорғалу құқығын формальды емес, нақты мазмұнмен қамтамасыз ету.

Мәселен, бірқатар еуропалық елдерде процестің ұзақтығына қатысты шағымдар дербес рәсім шеңберінде қаралады. Бұл жағдайда талап қоюшыдан толық деликттік құрамды дәлелдеу талап етілмейді, ал сот істің ұзақтығын, оның ақылға қонымдылығын және талап қоюшыға келтірілген қолайсыздық деңгейін бағалайды. Өтемақы мөлшері әдетте алдын ала белгіленген шектерде айқындалады [8].

Қазақстан құқықтық жүйесінде мұндай арнайы рәсімнің болмауы азаматтарды жалпы азаматтық-құқықтық талап қою тәртібіне жүгінуге мәжбүрлейді. Бұл өз кезегінде құқықтық қорғаудың тиімділігін төмендетеді. Сондықтан шетелдік тәжірибені толық көшіруден гөрі, оны ұлттық ерекшеліктерге бейімдеп енгізу орынды.

Атап айтқанда, азаматтық істерді қараудың шектік мерзімдерін бағалаудың заңнамалық критерийлерін нақтылау, уақыт ысырабы фактісін анықтауға арналған жеңілдетілген дәлелдеу режимін енгізу және өтемақының ең төменгі әрі ең жоғары мөлшерін белгілеу сот ісін жүргізудің сапасын арттыруға ықпал ете алады.

Уақыт ысырабы мәселесін тек соттың қызметі аясында ғана қарастыру жеткіліксіз. Азаматтық процесте тараптардың процестік адалдығы істі уақтылы қараудың маңызды алғышарты болып табылады. Кейбір жағдайларда істің созылуына тараптардың өздері тікелей себепкер болады, атап айтқанда негізсіз өтініштер беру, дәлелдемелерді кешіктіріп ұсыну немесе сот отырыстарына келмеу арқылы.

Осыған байланысты уақыт ысырабы салдарынан залалды өтеу туралы талаптарды қарау кезінде соттар тараптардың мінез-құлқын жан-жақты бағалауы тиіс. Егер талап қоюшының өзі істің созылуына ықпал еткен болса, оның талаптары қанағаттандырылмауы немесе өтемақы мөлшері азайтылуы мүмкін.

Сонымен бірге, процестік құқықтарды теріс пайдаланудың алдын алу үшін процестік санкцияларды тиімді қолдану қажет. Мұндай санкциялар уақыт ысырабының алдын алу құралы ретінде қызмет етіп, сот жүктемесін оңтайландыруға және әділ сот қағидатын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жүргізілген талдау азаматтық сот ісін жүргізуде уақыт ысырабы мәселесінің көпқырлы сипатын көрсетеді. Бұл құбылыс тек процестік рәсім емес, азаматтардың мүліктік және мүліктік емес құқықтарына тікелей әсер ететін кешенді құқықтық проблема болып табылады.

Уақыт ысырабы азаматтық құқықтарды қорғаудың тиімділігін айтарлықтай төмендетеді. Қолданыстағы заңнама залалды өтеуге теориялық мүмкіндік бергенімен, арнайы механизмдердің болмауы құқық қолдануды күрделендіреді. Соттар көбіне сақтық ұстанымын ұстанып, талап қоюшыға жоғары дәлелдеу ауыртпалығын жүктейді.

Қазақстан Республикасының сот практикасы азаматтық істерді ұзақ қарау фактісінің өздігінен залалды өтеуге жеткілікті негіз бола бермейтінін айқын көрсетеді. Соттар істі қарау мерзімінің созылуын бағалау кезінде істің күрделілігіне, тараптардың процестік мінез-құлқына, дәлелдемелер көлеміне және соттың ұйымдастырушылық әрекеттеріне сүйенеді.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер бойынша құқық қолдану тәжірибесінде процестік мерзімдердің сақталуы әділ сот талқылауының элементі ретінде танылғанымен, мерзімнің бұзылуы әрдайым соттың заңсыз әрекеті ретінде бағаланбайды. Көп жағдайда істі кейінге қалдыру немесе ұзақ қарау объективті себептермен негізделген деп есептеледі [9].

Сонымен қатар, жекелеген істерде төменгі соттардың істі бірнеше рет негізсіз кейінге қалдыруы, процестік тәртіпті сақтамауы немесе істі қарауды тиімсіз ұйымдастыруы

азаматтардың сотқа қолжетімділік құқығын шектейтіні көрсетіледі. Алайда мұндай жағдайларда да моральдық зиянды өтеу туралы талаптар көбіне залал мен сот әрекеттері арасындағы себепті байланыстың жеткілікті дәлелденбеуі негізінде қанағаттандырылмайды.

Практика көрсеткендей, Қазақстан соттары уақыт ысырабы салдарынан залалды өтеу мәселесінде сақтық танытады, ал арнайы құқықтық механизмдердің жетілмегендігі құқық қолдануды қиындатады. Бұл жағдай азаматтық процесте «ақылға қонымды мерзім» қағидатын қорғаудың тиімді құралдарын одан әрі дамыту қажеттігін айқын көрсетеді.

Осыған байланысты азаматтық сот ісін жүргізудің сапасын арттыру мақсатында уақыт факторы дербес құқықтық құндылық ретінде қарастырылып, оны қорғаудың тиімді құқықтық құралдары жүйелі түрде қалыптастырылуы тиіс.

## **Нәтижелер**

Жүргізілген кешенді зерттеу Қазақстанның азаматтық сот ісін жүргізу жүйесінде уақыт ысырабы салдарынан туындайтын залалды өтеу мәселесі толыққанды әрі тұрақты механизм ретінде орнықтағанын айқындады. Алынған нәтижелер теориялық тұжырымдарды құқық қолдану тәжірибесімен байланыстыру арқылы уақыт факторының құқықтық табиғатына және оның өтемақылық салдарына қатысты бірнеше маңызды үрдістер мен заңдылықтарды көрсетуге мүмкіндік берді.

Бірінші нәтижелік қорытынды – азаматтық істі қараудың шамадан тыс ұзақтығы мен талап қоюшының шеккен залалы арасында құқықтық байланыс әрқашан өздігінен қалыптаса бермейді. Қазақстан сот тәжірибесінде істің ұзақ қаралуы көбіне процестік кемшілік ретінде бағаланғанымен, мұндай кемшілік автоматты түрде азаматтық-құқықтық жауапкершілікке әкелетін дербес негіз ретінде сирек танылады. Осыдан келіп, процестің созылуы тараптың мүлктік жағдайына нақты теріс әсер етсе де, талап қоюшының өтем талаптары көптеген жағдайда дәлелдеу жеткіліксіздігіне байланысты қанағаттандырылмайды. Бұл, өз кезегінде, қолданыстағы құқықтық құралдардың уақыт факторынан туындайтын әлеуметтік-экономикалық салдарды толық көлемде қамти бермейтінін байқатады.

Екінші нәтижелік тұжырым – уақыт ысырабы салдарынан пайда болатын залалдың құрылымы көпқабатты және әртүрлі сипатта болады. Қолданбалы практикада талап қоюшылар көбіне тікелей шығындарды (сот шығыстарының өсуі, өкілге қосымша төлем, жолсапар және өзге де ағымдық шығындар) көрсетуге салыстырмалы түрде қабілетті. Ал жоғалған пайданы немесе инфляциялық шығындарды есептеу мен негіздеу анағұрлым күрделі, себебі мұндай залал көбіне ықтимал сипатта бағаланады және кең көлемді экономикалық дәлелдемелерді қажет етеді.

Үшінші нәтиже соттардың жоғалған пайдаға қатысты талаптарды қарауда айқын сақтық танытатынын көрсетті. Ықтимал экономикалық сценарийлер мен болжамдарға негізделген есептер көп жағдайда жеткіліксіз деп қабылданады, ал бұл кәсіпкерлік айналымда уақыт ысырабы салдарынан шынайы экономикалық залал туғанымен, құқықтық қорғаудың пәрменділігі төмендеуіне әкеледі. Демек, залалды өтеудің дәлелдеу стандарттары мен экономикалық негіздеу әдістемелерін біріздендіру қажеттігі байқалады.

Төртінші нәтижелік қорытынды – моральдық зиянды өтеу туралы нормалардың уақыт ысырабы контекстінде қолданылу жиілігі төмен. Теориялық деңгейде азаматтың ұзақ уақыт құқықтық белгісіздікте қалуы, жүйелі психологиялық қысым мен тұрақты күйзеліс моральдық зиян ретінде танылуы мүмкін. Алайда құқық қолдану тәжірибесі моральдық зиянды дәлелдеуде заңсыз әрекет (әрекетсіздік) пен оның салдарын айқындаудың жоғары стандартын талап ететінін көрсетеді. Соның салдарынан моральдық зиянды өтеу мүмкіндігі көбіне формальды деңгейде қалып, тиімді өтемақы құралына айналмай отыр.

Бесінші нәтиже Қазақстан соттарында уақыт ысырабы мәселесіне қатысты құқық қолдану тәсілдерінің біркелкі қалыптаспағанын айғақтады. Ұқсас фактілік жағдайларда әртүрлі шешімдердің қабылдануы құқықтық айқындық қағидатына кері ықпал етеді және талап қоюшылар үшін процестік әрі материалдық тәуекелдерді күшейтеді. Бір істерде мерзімдердің бұзылуы «елеусіз процессуалдық кемшілік» ретінде бағаланса, басқа жағдайларда сол тектес бұзушылықтар сотқа қолжетімділік құқығын шектеу өлшемімен бағалануы мүмкін. Мұндай айырмашылықтар сот практикасын болжамдауды қиындатып, сот жүйесіне деген сенімге әсер етеді.

Алтыншы нәтижелік тұжырым – уақыт ысырабының алдын алуға бағытталған тетіктердің институционалдық тиімділігі жеткіліксіз. Процестік мерзімдердің сақталуына бақылау кейде формальды сипатта қалып, істі негізсіз созуға ықпал ететін факторларға уақытылы және үйлесімді реакция әрдайым берілмейді. Сот менеджменті, істі жоспарлау, процестің қозғалысын жүйелі мониторингтеу және тараптардың тәртібін басқару құралдарының әлсіздігі уақыт ысырабының қайталанатын, тіпті жүйелік сипат алуына жол ашуы мүмкін. Бұл жағдай азаматтық процесте уақыт факторының дербес құқықтық құндылық ретінде толық бағаланбағанын көрсетеді [10].

Жетінші нәтижелік қорытынды – қолданыстағы азаматтық және азаматтық-процестік құқық уақыт ысырабы салдарынан келтірілген залалды өтеуге теориялық негіз берсе де, нақты әрі тиімді механизмді толық ұсынбайды. Арнайы өтемақы институтының айқын болмауы талап қоюшыны күрделі дәлелдеу тізбегіне әкеледі және уақыт ысырабы проблемасын құқықтық тұрғыда одан әрі күрделендіреді. Сондықтан азаматтық процестің тиімділігін арттыру үшін уақыт факторының маңызын қайта пайымдап, оны қорғаудың дербес құқықтық құралдарын қалыптастыру қажеттігі негізделеді.

Сегізінші нәтиже уақыт ысырабы мәселесін тек процессуалдық тәртіп бұзушылығы ретінде шектеулі түсіндіру жеткіліксіз екенін көрсетті. Бұл құбылыс тікелей «тиімді құқықтық қорғау» қағидатымен байланысты: құқықты қорғау формальды шешім шығарумен шектелмей, нақты нәтижеге жеткізіп, уақтылы орындалатын және келтірілген залалды өтей алатын болуы тиіс. Осы қағидат азаматтық процесте екі бағытта көрінеді: біріншісі – алдын алу (процестің созылуына жол бермеу), екіншісі – компенсация (кідіріс орын алса, салдарын өтеу) [3, 29 б.]. Қазақстан тәжірибесінде алдын алу бағыты басым болғанымен, компенсациялық бағыт әлі жеткілікті дамымаған.

Тоғызыншы қорытынды – уақыт ысырабы үшін нақты өтемақы тетігінің жоқтығы тиімді құқықтық қорғау қағидатының толық іске асуына кедергі келтіреді. Тарап сотта материалдық талап бойынша жеңіске жеткен жағдайда да, істің ұзақ қаралуы оның экономикалық немесе жеке мүдделерін іс жүзінде толық қалпына келтірмеуі мүмкін. Мұндай жағдайда сот шешімі құқықты қорғаудың жеткілікті құралы болудан қалып, әділ соттың мазмұндық өлшемдері әлсірейді.

Оныншы нәтижелік тұжырым – азаматтық істерді ұзақ қараудың салдары жеке тұлғалар шеңберінен асып, азаматтық айналым мен кәсіпкерлік ортаға жүйелі ықпал етеді. Процестің созылуы экономикалық қатынастардағы болжамдылықты төмендетіп, іскерлік тәуекелдерді өсіреді; кәсіпкерлік қызметте активтердің «тоқтап қалуы», инвестициялық шешімдердің кейінге шегерілуі және контрагенттік сенімнің әлсіреуі сияқты салдарлар күшеюі мүмкін. Сонымен бірге, уақыт ысырабы несие міндеттемелерін орындауға қатысты қиындықтар, шарттық айыппұлдардың өсуі және бәсекелік артықшылықты жоғалту тәуекелдерін арттырады. Алайда мұндай жанама залалды дәлелдеу күрделілігі себепті, ол көбіне тиімді құқықтық қорғаусыз қалады.

Осы нәтижелер азаматтық сот ісін жүргізудің экономикалық функциясын қайта бағалау қажеттігін көрсетеді. Сот тек дауды шешуші орган ғана емес, азаматтық айналымның тұрақтылығы мен құқықтық болжамдылығын қамтамасыз ететін институт ретінде қарастырылуға тиіс. Бұл рөлді толық орындау үшін істі қараудың уақтылығы мен процестің болжамдылығы негізгі шарттардың бірі ретінде танылуы қажет.

Жинақтай келе, уақыт ысырабы үшін жауапкершілікті құқықтық реттеудің концептуалдық моделін ұсыну мүмкіндігі негізделді. Бұл модель үш өзара байланысты элементтен құралады. Бірінші элемент – нормативтік айқындық: процестік мерзімдердің бұзылуын бағалаудың өлшемдері заң деңгейінде не Жоғарғы Соттың түсіндірмелік актілерінде нақтылануы тиіс; бұл құқық қолдануда біркелкілікті күшейтеді. Екінші элемент – процестік икемділік: уақыт ысырабына қатысты талаптарды қарауда дәлелдеу ауыртпалығын оңтайландыратын арнайы рәсімдерді енгізу мүмкіндігі; бұл сотқа процестің ұзақтығын және оның салдарын кешенді бағалауға жағдай жасайды. Үшінші элемент – компенсациялық тиімділік: өтемақы мөлшері тек символдық емес, нақты залалды өтеуге қабілетті болуы; бұл уақыт факторының дербес құқықтық құндылық екенін мойындаудың практикалық көрінісі болмақ.

Аталған модельді кезең-кезеңімен енгізу Қазақстанның азаматтық сот ісін жүргізу жүйесінің тиімділігін арттыруға және құқықтық стандарттарды халықаралық тәжірибемен үйлестіруге мүмкіндік береді.

Нәтижелерді жүйелеу барысында уақыт ысырабы салдарынан залалды өтеу мәселесі азаматтық процестің теориясы мен практикасы түйісетін күрделі торапта тұрғаны анықталды. Бұл проблема бір жағынан азаматтық-құқықтық жауапкершілік институтының талаптарына, екінші жағынан процестік кепілдіктердің сапасына қатысты. Ғылыми деңгейде уақыт факторы азаматтық процесте дербес құқықтық категория ретінде танылуы тиіс деген қорытынды негізделді; ал қолданбалы деңгейде бұл ұстаным сот тәжірибесінде мерзімдерді басқару мен өтемақы мәселесіне жаңаша көзқарас енгізуге алғышарт болады.

Қорытындылай келе, істі қарау мерзімдерінің созылуына байланысты тәжірибелік проблемалар бірнеше бағытта шоғырланады: (1) арнайы құқықтық құралдардың әлсіздігі және қолдану алгоритмінің айқын болмауы; (2) дәлелдеу ауыртпалығының шектен тыс жоғары болуы (залал, заңсыздық, себепті байланыс элементтерін қатар дәлелдеу); (3) залалды өлшеудің қиындығы (жоғалған пайда, инфляциялық шығын, моральдық зиян мөлшерін негіздеу); (4) алдын алу тетіктерінің жеткіліксіздігі (мерзім менеджменті, процесс қозғалысын жоспарлау, тәртіп бұзушылықтарға біркелкі реакцияның болмауы).

Осы проблемаларды еңсеру үшін бірқатар ұсыныстар айқындалды. Біріншіден, азаматтық процесте «ақылға қонымды мерзімді бұзу» фактісін айқындаудың өлшемдерін нақтылап, жедел қаралатын өтемақы рәсімін (қысқа мерзім, жеңілдетілген дәлелдеу, стандартталған мөлшердің базалық тәсілі) енгізу мүмкіндігін қарастыру орынды. Екіншіден, процестік мерзімдер жүйелі бұзылған не кейінге қалдырулар жеткілікті уәжсіз болған жағдайларда талап қоюшының дәлелдеу ауыртпалығын жеңілдететін тәсілді (шектеулі көлемде) қолдану туралы тұжырымдама негізделеді. Үшіншіден, процестік санкцияларды күшейтіп, сот менеджментін қалыптастыру қажет: созбалаң тактика үшін шығындарды жүктеу, істі дайындау сатысында нақты таймлайн бекіту, дәлелдемелерді ұсыну мерзімдерін қатаң басқару, цифрлық мониторинг және судья жүктемесін теңгеру сияқты шаралар ұсынылады. Төртіншіден, залалды есептеудің әдістемесін әзірлеп, соттарға арналған нұсқаулықта уақыт ысырабы салдарынан қосымша шығындарды, жоғалған пайданы және моральдық зиянды бағалаудың ең төменгі критерийлерін бекіту практика тұрақтылығын арттыра алады.

### **Қорытынды**

Азаматтық сот ісін жүргізу жүйесінде уақыт ысырабы құқықты тиімді қорғауға тікелей қауіп төндіретін жүйелік сипаттағы факторлардың бірі болып табылады. Істі шамадан тыс ұзақ қарау азаматтардың ғана емес, сонымен қатар кәсіпкерлік субъектілердің де құқықтары мен заңды мүдделерін нақты жүзеге асыру мүмкіндігін әлсіретеді. Осы тұрғыдан алғанда, сот талқылауының уақтылығы азаматтық процестің қосалқы элементі емес, әділ сот төрелігінің мазмұндық құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі процестік мерзімдердің «ақылға қонымды» болуын талап ете отырып, азаматтық істерді қараудың уақтылығы әділ соттың маңызды стандарты екенін бекітеді. Алайда қолданыстағы құқықтық реттеу уақыт ысырабы салдарынан келтірілген залалды өтеу мәселесінде жеткілікті деңгейде нақтыланбаған. Атап айтқанда, талап қоюшыға заңсыз әрекетті (әрекетсіздікті), келтірілген залалды және олардың арасындағы себепті байланысты бір мезгілде дәлелдеу міндетінің жүктелуі өтемақы алуды айтарлықтай қиындатады. Бұл жағдай уақыт ысырабы фактісінің өзі әрдайым азаматтық-құқықтық жауапкершілікке негіз бола бермейтінін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері арнайы өтемақы тетіктерінің болмауы азаматтық процесте уақыт факторының толыққанды құқықтық қорғау объектісіне айналмағанын дәлелдейді. Қолданыстағы жалпы азаматтық-құқықтық құралдар уақыт ысырабының салдарын өтеуге теориялық мүмкіндік бергенімен, олар нақты әрі тиімді механизм ретінде жұмыс істей бермейді. Әсіресе залалды өлшеудің бірыңғай әдістемесінің жоқтығы және жоғалған пайданы дәлелдеудің күрделілігі талап қоюшылар үшін елеулі кедергі болып отыр.

Сонымен қатар азаматтық процесте моральдық зиянды өтеу туралы норманың бар екеніне қарамастан, оны істі ұзақ қарау жағдайында қолдану нақты критерийлердің жетіспеушілігімен шектеледі. Ұзақ уақыт бойы құқықтық белгісіздікте қалу, психологиялық қысым мен күйзеліс моральдық зиян ретінде танылуы мүмкін болғанымен, сот тәжірибесінде мұндай талаптар жоғары дәлелдеу стандарттарына

байланысты сирек қанағаттандырылады. Бұл моральдық зиянды өтеу институтының уақыт ысырабы контекстінде декларативті сипатта қалып отырғанын көрсетеді.

Салыстырмалы-құқықтық талдау өтемақы тетіктерінің тиімділігі, ең алдымен, олардың «жеткіліктілігі» мен «уақтылылығына» байланысты бағаланатынын көрсетеді. Яғни өтемақы символдық сипатта емес, шынайы залалды өтеуге қабілетті болуы және оны алу рәсімі шамадан тыс күрделі болмауы тиіс. Бұл өлшемдер азаматтық процесте құқықты қорғаудың мазмұндық тиімділігін қамтамасыз етудің негізгі алғышарттары ретінде танылады.

Осыған байланысты зерттеу шеңберінде азаматтық сот ісін жүргізуде уақыт ысырабына қарсы құқықтық тетіктерді жетілдірудің бірқатар басым бағыттары айқындалды. Біріншіден, уақыт ысырабы салдарынан залалды өндіріп алуға арналған арнайы құқықтық механизмдерді қалыптастыру қажеттігі негізделді. Екіншіден, мұндай істер бойынша дәлелдеу ауыртпалығын оңтайландыру және талап қоюшының процессуалдық жағдайын жеңілдету маңызды. Үшіншіден, сот менеджментін күшейту, істі жоспарлау мен процестік мерзімдерді басқарудың тиімді құралдарын енгізу уақыт ысырабының алдын алудың негізгі тәсілдерінің бірі ретінде қарастырылуы тиіс.

Қорытындылай келе, азаматтық сот ісін жүргізуде уақыт ысырабы мәселесі тек процестік тәртіп бұзушылығы ретінде ғана емес, құқықты қорғаудың тиімділігіне тікелей әсер ететін кешенді құқықтық проблема ретінде бағалануы қажет. Уақыт факторы азаматтық процесте дербес құқықтық құндылық ретінде мойындалып, оны қорғаудың нақты және тиімді құралдары қалыптастырылған жағдайда ғана сот төрелігі азаматтар мен кәсіпкерлер үшін шынайы әрі сенімді қорғау тетігіне айнала алады.

### **Авторлардың қосқан үлесі**

**Асылбекова А.А.**, хат-хабар авторы, аннотация, кіріспе, әдістеме, қорытынды, нәтиже және талқылау бөлімдерін дайындады.

**Тапакова В.Б.**, түйін сөздер, нәтиже және талқылау бөлімдерін әзірледі.

**Жумагулов М.И.**, әдебиеттер тізімін, транслитирацияны және авторлар туралы деректерді қамтамасыз етті.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ (қолданыстағы редакция) // URL: <http://online.zakon.kz> [жүгінген күні: 10.12.2025].
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). 1994 жылғы 27 желтоқсан // URL: <http://online.zakon.kz> [жүгінген күні: 10.12.2025].
3. Төлеубекова Б.Х. Азаматтық іс жүргізу құқығы: оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2018. -320 б.
4. Нұрмашев У.У. Азаматтық іс жүргізу құқығы: оқу құралы. – Алматы: N-PRESS, 2020. – 212 б.
5. Загорский Г.И., Хатуева В.В. Актуальные проблемы гражданского процесса. – Москва: Проспект, 2021. – 450 с.
6. Еуропалық адам құқықтары соты. Scordino v. Italy (No.1), Judgment of 29 March 2006 // <https://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-72925> [жүгінген күні: 10.12.2025].
7. European Court of Human Rights. Guide on Article 6 of the European Convention on Human Rights – Right to a fair trial. Council of Europe, 2022 // [https://www.echr.coe.int/documents/guide\\_art\\_6\\_eng.pdf](https://www.echr.coe.int/documents/guide_art_6_eng.pdf) [жүгінген күні: 10.11.2025].

8. UN Human Rights Committee. General Comment No. 32: Article 14 – Right to equality before courts and tribunals and to a fair trial. UN Doc. CCPR/C/GC/32, 2007 // <https://www.ohchr.org/en/documents/general-comments-and-recommendations/general-comment-no-32-article-14> [жүгінген күні: 10.10.2025].

9. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Азаматтық іс жүргізу заңнамасын қолданудың кейбір мәселелері туралы» 2017 жылғы 31 наурыздағы № 6 нормативтік қаулысы // <https://online.zakon.kz> [жүгінген күні: 10.12.2025].

10. CEPEJ (Council of Europe). European Judicial Systems – Efficiency and Quality of Justice. CEPEJ Evaluation Report, 2020–2022 // <https://www.coe.int/en/web/cepej/evaluation-of-european-judicial-systems> [жүгінген күні: 10.12.2025].

**А.А. Асылбекова\*<sup>1</sup>, В.Б. Тапакова<sup>2</sup>, М.И. Жумагулов<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*Академия правосудия при Высшем Судебном Совете РК, Астана, Казахстан*

<sup>2</sup>*Казахстанский университет инновационных и телекоммуникационных систем, Уральск, Казахстан*

<sup>3</sup>*Международный университет Астана, Астана, Казахстан*

(E-mail: <sup>1</sup>[aig0071@mail.ru](mailto:aig0071@mail.ru), <sup>2</sup>[tapakova\\_vilora83@mail.ru](mailto:tapakova_vilora83@mail.ru), <sup>3</sup>[mizh61@mail.ru](mailto:mizh61@mail.ru))

### **Проблемы взыскания убытков, причиненных затягиванием времени в гражданском судопроизводстве**

**Аннотация.** На сегодняшний день одним из актуальных вопросов гражданского судопроизводства является взыскание ущерба от потери времени, необоснованное затягивание судебного разбирательства. Автор анализирует принципы эффективности права лиц, участвующих в деле в гражданском судопроизводстве, на судебную защиту своих законных интересов и прав, а также осуществления рассмотрения дел в разумные сроки.

Чрезмерная продолжительность гражданского судопроизводства (затягивание времени) оказывает прямое влияние на имущественные и неимущественные права лиц, включая срыв сделок, замораживание оборотных средств, инфляционные потери, увеличение судебных расходов, снижение деловой репутации, психологический стресс и утрату правовой определенности. В статье рассматриваются проблемы взыскания убытков, причиненных затягиванием времени в гражданском процессе через призму гражданско-правовой ответственности, процессуальных гарантий и международных стандартов «разумного срока» рассмотрения дела.

В условиях ограниченности института специальной компенсации за чрезмерную длительность судебного разбирательства в правовой системе Республики Казахстан предлагаются возможные модели возмещения вреда: 1) деликтная ответственность путем квалификации затягивания как противоправного действия (бездействия); 2) конкретизация механизмов возмещения морального вреда; 3) превентивные меры посредством процессуальных сроков и судебного менеджмента. По итогам исследования сформулированы рекомендации по унификации правоприменительной практики и формированию специального компенсаторного механизма.

**Ключевые слова:** разумный срок, гражданский процесс, затягивание судопроизводства, убытки, моральный вред, эффективная правовая защита, судебный менеджмент.

Asylbekova A.\*<sup>1</sup>, Tapakova V.<sup>2</sup>, Zhumagulov M.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Academy of Justice at the Supreme Judicial Council of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup>University of Innovative and Telecommunications Systems of Kazakhstan, Uralsk, Kazakhstan

<sup>3</sup>Astana International University, Astana, Kazakhstan

(E-mail: <sup>1</sup>aig0071@mail.ru, <sup>2</sup>tapakova\_vilora83@mail.ru, <sup>3</sup>mizh61@mail.ru)

### Issues of recovery of damages caused by undue delay in civil proceedings

**Abstract.** Today, in civil proceedings, one of the most pressing issues is the recovery of damage caused by the waste of time, unjustified prolongation of judicial proceedings. The author analyzes the effectiveness of the right of persons participating in the case to judicial protection of their legitimate interests and rights in civil proceedings, and the principles of the implementation of consideration of cases within a reasonable time frame.

Excessive duration of civil proceedings (undue delay) has a direct impact on both pecuniary and non-pecuniary rights of individuals, including disruption of transactions, freezing of working capital, inflationary losses, additional litigation costs, deterioration of business reputation, psychological distress, and loss of legal certainty. This article examines the issues of recovery of damages caused by undue delay in civil proceedings through the prism of civil liability, procedural guarantees, and international standards of the “reasonable time” requirement.

In the context of the limited development of a specific compensation mechanism for excessive length of proceedings in the legal system of the Republic of Kazakhstan, the article proposes several possible models of redress: (1) tort liability through qualification of undue delay as unlawful action or inaction; (2) clarification of mechanisms for compensation of non-pecuniary (moral) damage; (3) preventive measures based on procedural time limits and judicial case management. The study formulates recommendations aimed at harmonizing judicial practice and establishing a dedicated compensatory mechanism.

**Keywords:** reasonable time, civil procedure, undue delay, damages, non-pecuniary damage, effective legal protection, judicial case management.

### References

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ (қолданушы редакция) // URL: <http://online.zakon.kz> [zhyingen күні: 10.12.2025].
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). 1994 жылғы 27 желтоқсан // URL: <http://online.zakon.kz> [zhyingen күні: 10.12.2025].
3. Төлеубекова В.Н. Азаматтық іс жүргізу құқығы: оқулық. – Алматы: Zheti zharғы, 2018. -320 б.
4. Нұрмасhev У.У. Азаматтық іс жүргізу құқығы: оқи құралы. – Алматы: N-PRESS, 2020. – 212 б.
5. Zagorskij G.I., Hatueva V.V. Aktual'nye problemy grazhdanskogo processa. – Moskva: Prospekt, 2021. – 450 s.
6. Europalyқ adam құқықтары соты. Scordino v. Italy (No.1), Judgment of 29 March 2006 // <https://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-72925> [zhyingen күні: 10.12.2025].
7. European Court of Human Rights. Guide on Article 6 of the European Convention on Human Rights – Right to a fair trial. Council of Europe, 2022 // [https://www.echr.coe.int/documents/guide\\_art\\_6\\_eng.pdf](https://www.echr.coe.int/documents/guide_art_6_eng.pdf) [zhyingen күні: 10.11.2025].
8. UN Human Rights Committee. General Comment No. 32: Article 14 – Right to equality before courts and tribunals and to a fair trial. UN Doc. CCPR/C/GC/32, 2007 // <https://www.ohchr.org/en/>

documents/general-comments-and-recommendations/general-comment-no-32-article-14 [zhyingen күні: 10.10.2025].

9. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Азаматтық іс зhyргизу заңнамасын қолданудың кейбір мәселелері туралы» 2017 жылғы 31 наурыздағы № 6 нормативтік қаулысы // <https://online.zakon.kz> [zhyingen күні: 10.12.2025].

10. CEPEJ (Council of Europe). European Judicial Systems – Efficiency and Quality of Justice. CEPEJ Evaluation Report, 2020–2022 // <https://www.coe.int/en/web/cepej/evaluation-of-european-judicial-systems> [zhyingen күні: 10.12.2025].

### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Асылбекова А.А.** – хат-хабар авторы, PhD, Азаматтық-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығы, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі Академиясы, Бейбітшілік көшесі, 46, 010000, Астана, Қазақстан.

**Тапакова В.Б.** – PhD, Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті, М.Маметова 81, 090000, Орал, Қазақстан

**Жумагулов М.И.** – заң ғылымдарының кандидаты, профессор, Құқық Жоғары мектебі, Астана халықаралық университеті, Қабанбай батыр даңғылы 8, 020000, Астана, Қазақстан.

**Асылбекова А.А.** – автор для корреспонденции, PhD, Научно-образовательный центр гражданско-правовых дисциплин, Академия правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан, ул. Бейбитшилик, 46, 010000, Астана, Казахстан

**Тапакова В.Б.** – PhD, Казахстанский университет инновационных и телекоммуникационных систем, М. Маметова 81, 090000, Уральск, Казахстан.

**Жумагулов М.И.** – доктор юридических наук, профессор, Высшая школа права, Международный университет Астана, Кабанбай Батыра 8, 020000, Астана, Казахстан.

**Asylbekova A.A.** – corresponding author, PhD, Scientific and educational center of civil law disciplines, Academy of justice at the supreme judicial council of the Republic of Kazakhstan, 46 Beibitshilik St., 010000, Astana, Kazakhstan.

**Tapakova V.B.** – PhD, University of Innovative and Telecommunications Systems of Kazakhstan, M. Mametova 81, 090000, Uralsk, Kazakhstan.

**Zhumagulov M.I.** – Doctor of law, Professor, Higher school of law, Astana International University, Kabanbai Batyr 8, 020000, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).